

Дуган Мураитові

ЖАНДАУЫС




КІТАПТЫҢ ДЕМЕУШІЛЕРІ:



**Мақұлбеков Бәкен
Пернебайұлы —**
1959 жылы Созақ
ауданы, Созақ
селосында туылған.
Серіктестік
директоры.



**Блялов Мелдехан
Баязитұлы —**
1957 жылы Отырар
ауданы, Көксарай
ауылында туылған.



**Алдашев Нұғман
Ноғайұлы —**
1962 жылы Созақ
ауданы, Шу
совхозында туылған.

Нарық шырмауында қалып қоймай өркениетті биікке шырқау үшін қыранға тән қанат керек. Экономикалық серпіліс соның бірі болса, ұлттық жан дүниенің шарықтауы үшін рухани қанат екіншісі. Бұл екеуі бөлінбес тұтастық.

Осыны сезе біліп, мына қиын шақта осы кітаптың шығуына кеткен бар шығынды көтерген іскер інім «Мақұлбеков және К^о» толық серіктестігінің директоры Бәкен Пернебайұлы Мақұлбеков бастаған жігіттерге шексіз алғысымды айтамын.

1995 жылы ұйымдастырылған аталмыш ұжым жігіттерінің қатысып жүрген қайырымдылық акциялары қыруар. Мәселен, Созақ ауданындағы «Шапағат», «Баба Түкті Шашты Әзіз», «Саңғыл Ата» қорларына, сондай-ақ Шымкент қаласындағы №2 мүгедек жетім балалар үйіне удайы көмек жасап отыр. Ауылшаруашылығы саласындағы бүгінгі қиын ахуалды ескеріп Созақ, Отырар аудандарындағы бірқатар ұжымдарға жәрдем қол ұшын созуды да ұмытпайды.

Тапқандарыңа береке берсін!

Жазбагер:
Дулат Зикенұлы ТҰРАНТЕГІ.

Дулат
ТУРАНТЕГІ

ЖАНДАУЫС

— поэмалар

*Жазықсыз жазалы болып, 1937 жылдың барлық тозағын
бастан кешкен марқұм әкем Зикен Тұраңов пен
халық жауының зайыбы, халық жауының баласы атанып,
сүргін-түртпектің ащы дәмінкөп татқан анам марқұм Зүбәйдә,
— ағам Мұратқа ескерткіш.*

Жазбагер.



«Жібек жолы» баспасы
Шымкент

«Жібек жолы» кітапханасы

Кітаптың демеушісі —
«Мақұлбеков және К°» **компаниясының** төрағасы
Мақұлбеков Бәкен Пернебайұлы.

Дулат Тұрантегі. «Жандауыс». Поэмалар.
Шымкент шаһары. «Жібек жолы» баспа фирмасы.
1997 жыл, 192 бет.

Редакторы Байтасов **Төрекелді** Серікбайұлы.

Алғысөзін жазған «Алаш» сыйлығының лауреаты,
сыншы-ғалым **Зейнолла** Серікқалиев.

ISBN 5-8380-0741-9

! «Жібек жолы» **баспасы.**
! **Д.Тұрантегі.** «Жандауыс».

АЛҒЫСӨЗ

Дулат Тұрантегі — Созақ өңірінде жастайынан жауапты қызметтерге белсене араласып, ел парызын абыройлы атқарып келе жатқан, өмірдің өзінен оқып, әрілі-берілі рухани асыл қазыналарды өз бетінше іздене жүре білімін байытқан зиялы азаматтың бірі. Тағдырдың бізге тартқан сыйы Төлеген Тоқбергенов, Асқар Сүлейменов сияқты күні кешеге дейін тіршілік қызығын бірге бөліскен аяулы арыстардың жүрегімен, жанымен мен баяғыда-ақ Дулаттың тұлабойында тұнған көмбенің ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір ашыларын, күн көзіне көрінерін сезгенмін. Жүздескен, тілдескен, риясыз көңілмен табысқан тұстар да кездескен.

Алысқа шабар сәйгүліктің сырын сақтар сәтінің де шегі болды. Тума талант қауызын жарды. Тек кейінгі жылдары ғана республикалық мерзімді баспасөз беттерінде қаншама уақыттар бойы қойын дәптерінде құпия тұмшалаған қыруар қолжазбаларының шым-шымдап шетін шығара бастаған, мен үшін қалай дегенмен әлі де мейлінше жұмбақ ақынның көлемді бір дүниесі **ақыры** қолыма тиді. Ол — әкенің балаға аманаты, баланың әке рухы алдында еңсесін көтерер, **ақ-адал** еңбекгіен өтелмек парызы, әдеби бір ізетті есебі іспеттес «Жандауыс» **поэтикалық** хикаясы.

-- Дастан арқауы — сталиндік зұлматтан нақақ жапа шеккен ұрпақтың аянышты тағдыры. Рас, бұл тақырыпқа талай прозалық, поэзиялық шығармалар жазылған. Оның ішінде белгілі ақынымыз Қабдікәрім Ыдырысов поэмасын еске алсақ та жетіп жатыр.

Ал, Дулат дастанында өзіндік өрнек, ерекше қолтаңба бар.

Жан балам!
Сыр тарта білмейсің-ау жұлдыздардан,
Бұл жакта жаурайды олар түнгі ызғырдан.
Телміртіп қойған **мені** көк аспанға,
Кез болдым құтылмас бір құзғындарға.
Хат-хабар салғызбайды, балапаным, ...X
Жайшы кекке титімдей **алақаның**.
Бәлкім... Бәлкім, бір сәуле түсер тамып,
Сәлем **айтқам** әр түнде жұлдыздардан.

Немесе:

Ойлар... ойлар бәрі андыздап ат мінген,
Қаншама жыл қиял койын бақтым мен!
Сол қиялым шаңдатады құс жолын,
Сол қиялмен жұлдыздарды жактым мен.

Бұл — сонау ит жеккенде итшілік ғұмыр кешіп жүрсе де рухы жасымаған, үміті үзілмеген әке тебіренісі. Әке жанына үңілген сайын оның **шалқар** сахарасының бір туар перзенті екеніне көзің жетеді.

Түні бойы қиял тербеп санаңды,
Сәл-пәл ғана көз ілесің таң алды.
Көкірегім бір-ақ уыс болғанмен,
Күшып жатам бүкіл шалқар даламды.

Әлбетте, мұндай өр рух иесін ешқандай тар жол, тайғақ кешу мұқалта алмаса керек. Қайда жүрсе де «мылтықтың үңірейген жалғыз көзі бақылап тұрған» әкенің қайсарлығы жас ұрпаққа теңдесі жоқ тағлым. Өйткені Ол — өзі өліп кетсе де, «адамдығы өзімен бірге өлмесіңді» ту ғып көтерген тұлға.

Қиянат пен қатігездікті, әділетсіздік пен арсыздықты, зұлымдық пен заңсыздықты тіршілік қағидатына айналдырып, қасірет-қайғы, шер-наланы әр адамның пешенесіне жазылған тағдыр «рыздығы» деп білген қылмыскер қоғамның азабы мен тозағын өткеріп баққан әкенің темірдей төзіміне таңқаласың. Этаппен Сібірге айдалып бара жатқан бейкүнә жанның көзімен сол сұмдықты өзің бірге көріп, басыңнан кешіп отырғандай аза бойың қаза тұрады.

Жетектескен байлаулы тұтқындардай,
Бағаналар жол бойы шұбырады.

Дастанның көркемдік қуаты мол, тек Дулат ақынның өзіне тән шұрайлы шумақтар, соны теңеу, тың ойлар баршылық.
«Жандауыс» өз оқырмандарын табады деп сенемін.

Зейнолла СЕРІКҚАЛИЕВ,
1993 жыл.

ДАЛА БҮРКІТІ

(поэма)

«...Кенет, машиналар катты күйген бүркіттің қасына тоқтады. Құстың ұшқысы келсе де ол әрекетінен дым шыкпады. Оның көзі мөлііп жансыз калыпты, бәлкім, сокыр болған шығар. Офицердің біреуі машинадан шығып, бишара құстың азабын болдырмау үшін күшті аяк соккысымен теуіп-теуіп, езгілей бастады. Маған әрбірсынақта мыңдағанкүс өлетінін айтты. Олар жарылыс кезінде зәре құты калмай ұшып шығып үйітіліп, сокыр болып құлап жатады екен.

(А.Д.Сахаровтың естелігінен)

1.

Кош бол, дүние,
Құштарым — заңғар аспаным.
Қош енді, дауыл, қарысып кеуде тосқаным.
Қыранға лайық болмады-ау қазам,
Сүйекке таңба боп калды-ау осы бір сәтім қас қағым.

Намысың шатынап,
Арыңа түссе сызат бір,
Кетпей ме өліп,
Не керек сөз бен ұзақ жыр!
Намысың мәңгі, тегінді таныр қасиет,
Бұғынған тірлік әулие болса жүз-ақ жыл.

Тәңірдің өзі сыйлаған әлем,
Бүкіл көк.
Саңқылдап өтсем, кететін дүние тітіреп.
Мен бе осы Патша?
Тұздаған балық көзіндей
Ағарып көзім, жер қауып жатқан бүгін кеп?!

Кор болды арым,
Касиет **қалды** тапталып,
Өле алмай жаттым
Жанымды намыс-шоқ қарып.
Жасын боп жанып,
Құлайын ұяттан өртеніп.
Шығаршы мені,
Шығаршы тездеп, көкке алып.

Әй, **қайдам**, сендер,
Патша кадіріне жетіп пе ең?
Табынып жүріп,
Табытын **шақта-ақ** бекіткен.
Ит терісін қаптап,
Басының күлін суырған,
Өнегең құрсын
Аярлыққа әбден жетіккен.

Көтеріп кетер бойыңда жігер шамалы.

2.

Түу баста сыйлады Алла саған ақыл,
Ал мен болдым аспанда дара батыр.
Тәңір сыйы — не күн бар қасиетте,
Ақылыңды ій қылған замана түр.

Ыңыранып, жаралы дала жатыр,
Әруақ күркіп, **құлазып** сағана түр.
Ей, аңқау **ұл!** Орнаттың аман күнде,
Өзіңе де, **маған** да замон акыр.

Жер койнынан **сұм** ажал салады асыр,
Жұлым-жұлым жаралы дала жатыр.
Көз алдында дүние төңкерілсе,

Жасып **жатса** құны жоқ кара **бақыр**.
Ай — күніміз аманда **шерменде** боп,
Өзімізге **әкелдік** заман **ақыр**.

Деймісің кетті әп-сәтте **тақыр** тұлдеп,
Биік **өскен** аспандап шатыр гүл деп.
Жел жетектеп жүретін киіктердің,
Тұяқтары үйітіліп, жатыр күл **боп**.

Көр, **көріңдер**, бүркітті жақта мына,
Рәміз болған сұсты өңім **тақтарыңа**.
Бүкіл **әлем** бас иген айбарыма,
Кор боп **жатқан** халін көр **шакта** мына.

Күннен **шыққан** бөлініп, жас күнің де от,
Шау тартсам да ширықтым, тас түйін боп.
Ажал болып жемтікке төнгеніммен,
Әуел **баста-ақ** ешкімге кастығым жоқ.

Бәрі **ұмыт** боп бойдағы шыдам, ерік.
Бүлт **қойнынан** жасын боп шыға **келіп**,

Арман-бар ма **қыранда**, арман бар ма,
Быт-шыт болған **тасқа бір** құлап ӨЛІПІ

Шыдам **ерік!** Не керек **шыдам ерік?**
Жасық жүрек таусылар жылап, еріп
Отың қайда, **Тәңірім-ау**, жандырсайшы,
Кор **қылғанша** үстімнен шымал өріп

Кең аспанның қожасы, **әмірші** жан,
Дақ түссе арға шыдатпай жаны ыршыған
Жарыла алмай ызадан тыпырщиды,
Неге ажалға берді екен Тәңір **шыдам?**

3

Шіркін, дала, нүр шуақтай сыйың бар,
Отасқаның шайпау жел мен құйындар.
Содан ба әлде, жолаушы бұлт аз **қонып**,
Жусар жері таулар менен **қиырлар**.

Шіркін дала, **Тәңірден** мол сыйың бар,
Сырыңды айтқан жырларың мен **күйің** бар.
Әттең, **әттең** ұшық түсіп дерт болған,
Колқаңда жазылмайтын түйін бар.

Қырандар мен киіктер ек, егізің,
Қайран дала, байлам **сөзге** желі **ұзын**
Жыл аралап құстар **қайтып** оралса,
Таба алмай жүр өздері өскен теңізін.

Дала, дала, **биші** қыздар-сағымдар..
Көсемі ақсап, тозып **кетті-ау** табындар
Каншама рет қасірет оты шалса да,
Дарқан **қалпың қалғанына** таңым бар.

Бүріп өскен ен даланың көкпегін,
Жұтып өскеМ сол даланың от демін
Сол даланың **иесі** сен, коңыр **ұл**,
Сенің рухың мен боламын **көктегі үн!**

Киыс тағдыр тәлкегіне кезігіп,
Аяқ асты жатса намыс езіліп.
Ен даланың иелері бәріміз,
Ата жұрттан кетеміз бе безініп?!

...Солай, қазақ, дала иесі, қоңыр үл!
Болсын деп айт зұлымдықтың соңы бүл!
Сидырып ал құшағыңа даланы,
Мен құрайын аспан жақтан торуыл.

Коянды алмай, кайқаң етпей, қозы іліп,
Тояттамай балапандар көз іліп.
Ашу қысса кетер ме едім шеңгелдеп,
Сары даланы жатқан мынау созылып.

Ашу тіле! Кайда айбарым, тілей түс!
Бауырқанар қайда тарпрң дүлей күш?
Неге ұйықтайсың ақ бораны даланың,
Дуылдатып көтеріл тез, үдей түс!

Дабыл! Дабыл! Көтеріл тез, шаң боран!
Сертшіл киік неге айныдың салтыңнан?
Катер төніп, келе жатыр қасірет!
Жолына шық, алдынан кес, алдынан!

Кінәласам жөн-ау қазақ баласын,
Жаңа тапқан шаңырағын, панасын,
Бей-жай қалпы сілкіндірмей санасын,
Сілкіндірді-ау, тыныш жатқан даласын.

Кіналама бас көтерген қарасын,
Кіналама елдің корған — панасын!
Бүкіл дала өзің бүрген бөрідей,
Ызаланып жатыр жалап жарасын.

Кіналама ұлдарыңды жаны асыл,
Ақкеңілдеу, тоқ пейілдеу, тобашыл.
Сілкінгені қатты батты-ау, даланың,
Сілкінтпеген ұлдар үшін санасын!

* * *

Тектілік билесе бойыңды, дау бар Ма?
Қырандар өзді-өзі шайқаспас,
Қабакқа ызғар ап.
Күз түссе тартатын бет түзеп тауларға,
Жұптасып қайтатын атанып мұзбалақ.

Саңқ еткен дауысынан жартастар дірілдеп,
Өзі де қызықтап кұғандай өр үнін.
Таулардың қыраны далаға ұрын кеп,
Жарқылдап қайтатын ертіп ап серігін.

О, дәурен! Қанша ұрпақ ұшырды ұя анау?!
Жат болып балапан кетті ұшып көбісі.
Қырандық қасиет жетілу киын-ау,
Мол өмір сыйлаған Тәңірім сол үшін.

Кара көз дала ұлы, жоқ әттең тіл менде,
Біздерді айтса жөн, жаралған егіз деп.
Сырласпыз, Сен сонау жүргенмен төменде,
Көңілің табады биіктен мені іздеп.

Киылып қарайсың биікке күн салып,
Өршіл бұл қасиет қалған ғой бабаңнан.
Ал өзің бүгежек болғанға мұншалық,
Таңым бар, --
Оза алмай қалғанға заманнан.

Рухыңмен ұғыссаң не керек сөз бүгін?
Биіктен күледі такаббар болмысым.
Заңғарға жетпесең мимырттау ез мінің,
Киялың қырқылған қанатсыз сорлысың!

Үйітіліп жатқаным мен үшін апат па?
Ақылдан азғандар ұя атты!
Мөп-мөлдір аспанда шомылып шапаққа,
Рухым жүр! (Жалауың сияқты!). –

...«Бүркіт өзге құстарға карағанда естілеу.
 Ұясының ішіне несептемейді, жемтік қалдығының
 иістенетінін сезетіндіктен, балапанына әкелген
 жемнің қалдығын ұясында сақтамайды...
 балапанын узак жаткызбай, ауык-ауык тырнағымен
 акырын мытып, әлсін-әлсін тұрғызып отырады.
 Өйткені, көп жатып қалған балапанның бауыры
 шіриді. Енесі соны сезеді».

(Құсбегінің айтқанынан)

Кайсарлықпен алған алар үлесін,
 Бүркіттердей кім сақтаған киесін!
 Сол үшін де құттықтаған қазекем,
 Құсқа балап жас отаудың иесін.

Казак білген ата жолын куғанды,
 Ар жолына қиып берген қу жанды.
 Жас нәресте қыран болып өссін деп,
 «Бауы берік» болсын деген тумаңды.

Сары тап болып қалмасын деп бауырынан,
 Сал бөксе боп қалмасын деп қалғыған.
 Түртпектеумен қыран біткен әлі де,
 Ширақтыққа балапанын баулыған.

Тап сендердей болмасақ та зиялы,
 Құс та болса мөлдір еді қиялы.
 Үйреткеннің кастерлеуді таза ұстап,
 Саңғырық пен қалдықтардан ұяны.

Тағдыр талай түрткіледі, бұлт төніп,
 Калмап еді-ау сонда өзіңде түк те ерік.
 Тарих сені қыран болып баулыды,
 Аксүйек боп жаттың бірақ жұртта өліп.

Шайынды боп қалмас үшін жым-жырт көл,
 Кайта түлеп кетсін десең сұрғылт жер,

Не заманнан сырлас болған көктегі
Үдере ауып кетпес үшін бүркіттер,
Шуак құйып-айқара ашсын түңдікті ел,
Мұнар бұлттан сейілсін де сұрғылт бел,
Нар тұлғаңмен буырқанып көтеріл!
Замананың сырын үкқан жетелі ұл!
Мына жатқан бар даланы көтеріп,
Күл-қоқыстан тазартып бір сілкіп бер!

Тағдыр дейсің, дейсің тағы замана!
Заманаға жетпей қойды-ау, шамаң, ә?
Қыран көңлің қалғып кетіп, бұйығып,
Салбөкселік ұйып қалды-ау, санаңа!

5

*...«Астрологиялық ілімде зерттеу аспектісіне
реңк (түс, бояу) арқылы енудің жолы бар. Олар:
кызыл-күрең, күлгін-көк және жасыл. Күреңі —
куат, күш, карсылық іс, өрекет болғанда күлгін-
көк тыныштық, мойынсұну. Ал, жасыл саналылық.
Солай бола тура жекелей өзі буырқанған куатқа
(кызыл) кенделігі білінеді.*

*Күлгін-көк пен жасыл астасып келсе,
мойынсұну, жұмсақтық, өзгенің ырында болуға
бейімділік басым жатады. . әйтсе де, бұл реңктер
жұлдыздардың туысына карай тез өзгерісте
болады.*

(«Урания» 1-93, Бруно Хубер)

Менде түйсік, жігер басым,
Сенде ес кеп.
Жаратқан мен жарасар ма сен деспек.
Жылкы мінез болмысыңнан өзгердің,
«Бас кессе де -- деуші едің — жоқ, тіл кеспек».

Аспан, әлем сырын сезем ғарыштың,
Ғарыш-тылсым, түйсігіммен таныспын.
Жан-жануар, адамзаттың әрбірі,
Жұлдыздардан тарап түскен әр ұшқын.

Сол ұшкынның мінезі бар,
Түр-түсі,
Әр кеуденің өзінің бар жыр-құсы,
Кызыл-күрең жігер-қуат белгісі,
Жасыл-күлгін көнбістіктің белгісі.

Саңлау емес, жанар оны сезетін,
Сендерге ондай біткен емес көз оты.
Тула бойда көбейсін таң шапағы,
Кезің туды күңгірттіктен безетін.

6.

Атаның сөзі
Шалшықта жатты үйездеп,
Кысқалау салды кітапқа құрық жас кеуде,
Естерің шығып,
Кайталай бердің съезд деп,
Ордабасы емес,
Ұлытау емес, Мәскеуде!

Ақындар жылап,
Сарнады күйде қанша аңыз,
«Жайықты келіп алғаны,
Жағаңа қолды салғаны»...
Шорт үзді жырды!
Тағы да міне күйді ауыз
Заманның зәрі Семейде қайнап,
Қалғаны...
Нарын мен Орда,
Созақта Тарлау тақыры...
Жырларын жазбай,
Жүрегін ұстап әлемге жеткен ащы үнмен,
Зорығар болды, тағы да Олжас ақының.

Койлары жусап... Ойлар да күйсеп...
Тып-тыныш, рахат... бей-жай хал...
Әскери бұл кез көсеуін көсеп,
Тереңге деді: «Бомба сал»!

Горбачев түрды «Тағы да — деп,
Тағы да **бір** рет, екі рет»!
Құлықсыздар тағы жағынар ма еді...
Тұрғанда сол бір өкімет

* * *

Тыңдап бір көрші,
Тынбайды көлде **құс** даусы
Махаббат жыры, қызғаныш үн бе ол Сен **айтқан**?
Адамдар жайлы **бітпейтін** талас,
Қысқасы..
«Тәңірдің берген акылын кайда жоғалтқан»²
— Адамда **ес жоқ**!
— Айтуға **олай қақың** жок!
Келісе алмай шулайды солай құс біткен.
— Адамды мендей білмейсің, казір рахым жоқ,
Оралмай қойды **карлығаш** біткен түстіктен.

дүниені ертегі, сандық көтер басын,
Жер -- Ана локсып, баса алмай жатыр ыстығын

Мінезі шәлкес, адуын туған **уақыт** бул.
Сикырлы сөзбен ақындар сипап, ноқта ілген.
Кырандай көкке құштар боп ессе — бақытты **ұл**,
Болмаса ақын жасыны **соқсын** от тілмен!

* * *

Сары жағал тулақ — Азия!
Тулақ та болса өз **ұя**!
Бүркіттің **күйіп қанаты**,
Сиректеу **салған қаз** ұя

Кыран, дала, **қоңыр** ұл,
Үшеуінің соры бір,
Кер жағалды өңі бір,
Дүние дүние болғалы

КҮЙШІ -- ҚЫЗЫР

(поэма)

1.

Ықылас қобызы аңырап ащы үнмен,
Сүйектен суырып шеріңді қозғаған.
Әжімді қуалып, жүзіңді жас жуып,
Жетімнің зар үні бота боп боздаған.

Көңілді желпиді **қытықтап** тылсым үн
Шым-шымдап сыр тартып Коңырдың **кұмынан**.
Бозторғай шырылы... секектеп шымшығы...
Аққу, боп сыңсыған, бөрі боп **ұлыған**.

Уақыттан белгі жоқ. Атадан күй мұра.
Күйменен оянды Сүгірдей бабамыз.
Даланың бар үнін шанаққа сидыра
Сиқыр боп тірілді ертегі... бар аңыз.

Сұсыма еспе **құм**, төбелер... шағылдар.
Сыңсыған сексеуіл... таң ата дамылдар.
Үдере көшкен ел Шабырда ерулеп,
Кыстауға қонған **жоқ** әлі де ауылдар.

Мазасыз түн болды бір шетте ит **ұлып**,
Сезбейді балалар **құрыған** титығы...
Бірде көл, бірде шөл мінезі қитығып,
Жатқанмен шақар шал түн бойы шідерлеп шыдамын.
Таңертең **тұратын** кеудеге күй тұнып,
Мөп-мөлдір суындай құмдағы тұманың.

Нар тұлға кісі емес пәлендей,
Құнтиып, домбыра өңгерсе алдына,
Бір өзі бүкіл бір **әлемдей**
Дүрлігіп кетеді маң мына.

Тәңірден табылған сый болып,
Төгілер күй болып,
Тұяктар дүбірі,
Бұлактар күбірі, — .
Құрайдың сыбдыры,
Бәрінен, бәрінен **қиыны**
Жүректер лүпілі.
Дарига-ай, сонау бір күйші қыз **тартқан**
Күйлердің сырлы үні...

Аңсаумен... күтумен, іздеумен
Көкейдің **іңкәрі**, ізгі үні
Өтіпті ғұмыры.
Сол **күйлер** жаңғырып,
Көкірек — шанақта,
Шығарған теріскей даланың атағын
Әлидің Сүгірі!

Мәңгілік өмірді **кезесің...**

Кайдағы... қайдағы... жайды ұғып,
Бөкендер табыны...

Құландар үйірі... селтиіп тұрады,
Шыққанда **шанақтан** күмбірлеп күй үні.
Тағы бір перне боп қосылған **кей-кейде,**
Биікте ілінген торғайдың шырылы.
Тылсым үн аралап даланы,
Бесікте **бұлқынған баланың**
Косылар күйменен уілі.

Әркімге ыстық-ақ өз аулы,
Ошағын көсесе — ән қозған.
Күйменен **жетіліп** өзегі,
Күйменен бұл **елдің** даңқы озған.

Күй — құлын,
Күйшінің бармағын тел емген.
«Тоғыз тарау», «Кертолғау», «Жорғаның жүрісі»,
Күйші ата ұрпағы -- Файзаға, Генерал, Төлеген,
Кандырған құлақтың құрышын.

Па! ~~Шіркін,~~ қазақы көңілге күй керек!
Ғасырдың болса да кенже ұлы -- ЭВМ,
Жаңалық жат емес — Саумалдай емінем,
Техника — құрықтап мінетін құр атым,
Ал күй десе құлындай бұлқынам желіден.

Жастарға өгей ме,² Рок .. Ырғақ —
Музыка бояулы...
Көңілді торида үрей де,
«Алыстап кетпегей ой аулы».

2.

(Бірінші шегініс). Сүкеңнің естелігі

Есімде, туу сонау балғын шақ,
Ауылдан **шыққам-ды** қозы айдап.
Теңіз боп толқиды шалғын шөп,
Кеудеге **күмбірлеп** үн болып,
Тұратын тылсым бір саз ойнап.

Ыңылдап күн бойы үн **тұрды**.
Мызғып-ак кетіппін. Сол **үнмен**
Өңім бе, түсім бе? бір түрлі
Дәл кейпі есте жок, **ал бірақ, дәл** осы **қолыммен**
Қария ұсынған домбыра **алыппын**.
Онан соң, аңырып сәл тұрып,
Козыны тастай **сап** ауылға барыппын.

Тез **ұғып** мән-жәйді **ақ** әжем шарқ ұрып,
Су бүркіп **ұшықтап**, қалмады төзімі.
Ел — **жұрт** кеп, молданы **шақырып**,
Құрбанға шалды тез бәсіре козымды